

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.


В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

1) Буракумин және буракумин емес жапон топтарының арасындағы неке тенденциялары көрсеткіші



2) 1993-2001 жылдар аралығындағы салыстырмалы пайыздар кестесі

	Buraku Income		Buraku Education	
	Higher	Lower	More	Less
Buraku Male/ Non-Buraku Female	17	0	5	8
Buraku Female/ Non-Buraku Male	1	6	9	1

3) Буракумин ер адам мен буракумин емес әйел адамдар/ буракумин әйел адам мен буракумин емес ер адамдардың көрсеткіші

УДК 7.011.26

## САКОКУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАПОНИЯНЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫ

**Құдайбергенова Дильназ Арғынбайқызы**

dilnaz15102003@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті шығыстану мамандығының

2 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.А.Тлеубаева

XVII-XIX ғасырдың ортасына дейін созылған Сакоку дәуіріндегі Жапонияның оқшаулануы ел ішінде айтарлықтай мәдениеттің, қоғамның, қалалардың дамуына, бірегей өзіндік философия мен көзқарастардың өркендеуіне әкелді. Бұл дәуірдің ерекшелігі - жапондық ерекше өнер түрлерінің, әдебиеттің және басқа мәдени қозғалыстардың гүлдену кезеңіне сай келуі.

1639 жылдан 1854 жылға дейін Жапонияның сегунат үкіметі өздерінің мәдени және саяси егемендігін сақтап қалу үшін Сакоку деп аталатын қатаң оқшаулау саясатын енгізді. Жапон мәдениеті елдің тарихы мен мәдениетінің өркенделуіне келетін Эдо кезеңі Токугава отбасы Жапонияны басқарған уақытты білдіреді. Бұл кезең шамамен 260 жылға созылды және ол тұрақты үкімет пен гүлденген экономикамен сипатталды. Токугава режимі қамтамасыз еткен бейбітшілік пен тұрақтылық жапон халқына өз мүдделеріне назар аударуға және мәдениетін зерттеуге мүмкіндік берді.

Егер Жапония тарихына көз жүгіртсек, онда мемлекет дамуының әртүрлі кезеңдерінде үкімет жүргізген өзін-өзі оқшаулау саясаты шын мәнінде бірегей жағдай қалыптастырғанын көреміз. Сыртқы әлемге ашылу кезінде ол әртүрлі елдерден, ең алдымен Қытайдан соңғы технологияларды алды, ал жабылу кезеңінде оның қоғамы басқа елдерден келген білімді пайдаланып, оның негізінде дамып, ішкі үйлесімділік пен кемелдікке ұмтылатын өзінің бірегей, тек жапондық мәдениетін қалыптастырды. Осы тұста Жапонияның архипелагының географиялық ерекшелігі басқа да Азия елдерінен өзгеше даму жолын көрсетеді. [2]

Жапония тарихында 1639 жылдан 1854 жылға дейін созылған өзін-өзі оқшаулаудың белгілі бір кезеңі үшін белгілі бір термин бар. Атақты ғалым және саяхатшы Энгельберт Кемпфер XVII ғасырдағы Жапонияның саяси жағдайын сипаттайтын еңбегінде алғаш рет «жабық ел» терминін қолданған. Заманауи оқулықтарда «Сакоку» терминінің қолданылуы алғаш рет Кемпфердің «Жапон жазбалары» кітабынан шыққан. Кемпфер ол кезде голландиялық миссияда болды. Еңбектің бірінші тарауын 1801 жылы Нагасакиде Нидерланд миссиясының аудармашысы Шизуки Тадао «Сакоку рон» деген атпен аударған. Кемпфердің пікірінше, Жапонияның оқшаулану саясаты өз заманына сай әділ саясат. Бір ғасырдан кейін жапон астрономы Шизуки Тадао Кемпфердің осы еңбегін аударған кезде «Сакоку» анықтамасын енгізді. Алайда «Сакоку» терминінің өзі халыққа беймәлім еді. Эдо кезеңінің соңында оны аудармашылар енгізді және бұл терминді тек білімді адамдар білетін. Шындығында, Эдо дәуірінде ел жабылған жоқ. Елге кіру тек испандар мен португалдықтар үшін жабылды. Бұл жапондықтардың басқыншы ретінде әрекет ете алатын католиктік шіркеуден қорқуымен түсіндірілді. Нидерланд, Қытай (Мин және Цинь әулеттері), кәрістер саудасын жалғастырды. Оның үстіне сауда көлемі де айтарлықтай үлкен болды. Мысалы, Нагасаки арқылы голландиялық және қытайлық кемелердің көмегімен мыс көп көлемде экспортталды. Әсіресе белсенді сауда алтыншы сегун Токугава Иенобу кезінде болды. Мұндай жағдайда Жапонияны дәл осы уақыт еншігінде мүлдем жабық ел деп айта алмаймыз. [3]

Хайку - жапон поэзиясының 17 буынды 5-7-5 үлгісі бойынша жасалған қысқаша келген өлеңдер. Хайку Эдо дәуірінде аса күрделі емес поэтикалық сарында жазылып, қарапайым халыққа қолжетімді бола бастады. Классикалық вака поэзиясы сюжеттер мен бейнелер қатты шектелген, ескірген, қатаң ресми түрде жазылды және оның бірден бір ерекшелігі- империялық поэтикалық антологиялардағы әйгілі өлеңдерге тұспалдау болды. Сенгоку дәуірінде ренга деп аталатын поэтикалық сарында жазылған шумақтар танымал бола бастады: ақындар жиналып, тапқырлықпен, сөздік ойын немесе метафора арқылы

алдыңғы шумақты белгілі бір ережелерге сәйкес кезек-кезекпен жалғастырды. Сенгоку дәуірінде жеке топтардан құралған ренганың екі дербес түрі болды: жоғары классикалық дәстүр рухында шебер ақындар құрастырған байсалды (усин) және күлкілі қарапайым өлеңдер (хайкай ренга), соңғысы көбінесе қоғамға жат мінез-құлықты мадақтады. Оларды қарапайым адамдар ойын ретінде құрастырып, нәтижесінде жүздеген, кейде тіпті мыңдаған өлең жолдары пайда болды. Егер өлең жолдары күлкіге айналса, ол сенрю деп аталды, ал егер ол күрделірек болса, хайку деп аталды. Сенрю көбіне қара әзілмен және мысқылмен жазылды. Мысалы келесі өлең шумақтарында сенрю көрініс табады:

«Оның көзі жалғыз болса да,  
Есесіне қандай мөлдір!» —  
Депті құдағи.  
Әйелін аяусыз ұрғанның кесірінен—  
Күрішті енді өзі әзірлейді.  
Кір жуғыш еркек—  
Өз көршілерінің тексіздігімен өмір сүреді». [1.579 б.]

Хайкудың аса маңызды жанрының теңдесі жоқ шебері Мацуо Башо (1644–1694) болды, ол поэзияның шебері және мұғалімі болуы үшін өзінің самурай мәртебесінен бас тартты. Башо әлемдегі ең танымал хайкуды жазды, мысалы:

«Ескі тоған!  
Бақа секірді.  
Судың шашырауы». [1.581 б.]

Ұстаздың көптеген ізбасарлары оның ілімін өз еңбектерінде қорытындылағанымен, Башо поэзия теориясына қатысты еңбектер жазбаған. Ол жақсы хайкудың поэтикалық рухы өзгеріс пен тұрақтылықты біріктіруі керек деп үйретті. Хайку бұрынғы ақындардың көркемдік мақсаттарына жүгіне отырып, өз заманымен бірге өзгеріп отыру керек деп есептеген. Хайку вака классикалық өлеңдері сияқты сүйектеніп кетпеу үшін әрқашан жаңалыққа ұмтылуы керек деп тұжырымдады.

Жапонияның ішкі оқшаулаулану мәдениетінің тағы бір маңызды және кең тараған көрінісі укио-э – «тұрақсыз дүниенің» бейнелері болды. Негізінен гүлдер мен құстарды бейнелейтін Кано және Тоса мектептерінің діни өнері немесе классикалық кескіндемелерінен айырмашылығы, укио-э өнерінің назар аударылатын аймағы күнделікті өмір немесе демалыс көріністері, «көңілді аудандардан» келген куртизандар және Кабуки театрының әртістері ерекше танымал болды. Ағаштан жасаған өрнектерде адам басты орынға ие болып, табиғи пейзаждар артқы орында қалып қойды.

Белгілі бір мағынада бұл баспаларды Эдо дәуірінің ғаламторы деп санауға болады. Себебі осы гравюралар қарапайым адамдарға қалалық мәдениеттің соңғы жаңалықтарын таратып отырған. Гравюралар арасында эротикалық жанр танымал болды. Ағаш кескіндерін тез, арзан және көп мөлшерде шығаруға мүмкіндік туды, бұл жаңа тенденцияларға уақытында жауап беруге мүмкіндік берді. Бірегей өнер туындыларынан айырмашылығы, үлкен басылымдар гравюраларды кеңінен қол жетімді етті. Оларды кітап дүкендері мен көше сатушылар сатты. 1730 жылдары баспалар әдетте қызғылт және жасыл екі түспен жұмыс істей бастады. Эдо заманының 1760 жылдары толық түсті басып шығару әдістері пайда болған кезде өздеріне ғана тән ерекше стилін дамытты және Эдо бәсекелестікте Киотоны басып оза бастады. Эдо баспалары жергілікті тұрғындардың қызығушылықтарын бейнеледі: Кабуки әртістерін театр көрермендерін қызықтыратын

арагото еркек рөлдерінде ұсынды, ал суреттердің өзі Киото суретшілерінің жұмсақ жұмысымен салыстырғанда күлкілі және тіпті сатиралық болды.

Маталарды бояу және алтын, күміс жіптермен кесте тігу шеберінің ұлы Хисикава Моронобу (1618-1694) екі мектептің - Кано мен Тосаның өнерін зерттеді. Ол укио-э негізін қалаушы болып саналады: ол гравюраны алғашқылардың бірі болып қолданды, сонымен қатар өз жұмысына қол қою үрдісін бастады.

Укио-э жанры пайда болғаннан бері суретшілер кабуки әртістерін өз көрермендеріне сай етіп сомдады. Әртістердің бейнелері бастапқыда қызғылт сары түсті болды және хиотан-аши (бұлшықеттерді асқабақ тәрізді етіп сомдау ) және мимизугаки (әртістердің физикалық күшін жеткізу үшін бұлшықеттерді құрт тәрізді етіп сомдау) пайдаланылды. Моронобу шәкірттерінің бірі Тори Киёнобу (1664–1729) араготоның еркек рөліндегі атақты актерлердің портреттері арқылы танымал болды.

Қалалық мәдениеттің баспа өнеркәсібінен кейін екінші маңызды саласы театр болды. Дәстүрлі жапон театрының үш түрі бүгінгі күнге дейін сақталған: Но, Кабуки және Бунраку. Но театры орта ғасырларда әскери және сот элитасы арасында танымал болды және Эдо дәуірінде нәзіктік пен сұлулықты жақсы көретін адамдар арасында танымалдығын жоғалтпады. Дегенмен, қалалықтар Кабуки мен Бунракуға көбірек келе бастады. Театр орналасқан ауданы мен «көңілді аудандарды» сегунат қарапайым тұрғындардың көңіл көтеруі үшін арнайы тағайындағанымен, уақыт өте келе олар жапон дәстүрлі мәдениетінің айнымас бір бөлігі ретінде танылды.

Жапон қуыршақ театры туралы ең алғашқы сілтемелер XI ғасырға тұспа-тұс келеді. Алайда қуыршақ театры XVII ғасырдың аяғында Киото мен Осакада өз театрын құрған Такемото Гидаю (1651–1714) мен және ең дарынды драматург Чикамацу Монзаэмон сияқты ұлы әншілердің жетекшілігімен өзінің гүлдену кезеңіне жетті. Қуыршақтар үшін 1727 жылы қуыршақтарды қолмен ұстап қозғалту, олардың көзін және ауызын жылжыту сияқты жаңалықтарды енгізді. Осылайша, эмоциялардың әлдеқайда кең ауқымын жеткізуге мүмкіндік туды. Адамның бойының үштен екі бөлігін құрайтын қуыршақтар 1734 жылы пайда болды және оларды реттеу үшін үш адамның топтық жұмысы керек болды. Мысалы, бірінші адам қуыршақтың түр әлпетін қадағалап отырса, оның екі көмекшісі қуыршақтың аяғын және қолдарын реттеп отырды.

Қуыршақтардың орнына тірі әртістер ойнайтын Кабуки театрының Но мен Бунракумен көп ұқсастықтары бар: үшеуі де «Генджи туралы хикая», «Тайра үйінің повесті» секілді классикалық шығармалардың сюжеттерінде қалыптасқан ; үшеуі де күрделі костюмдерді пайдаланады; сондай-ақ сюжеттердің өрбуі реализмге қарағанда көбінесе фантастикалық жанрда дамиды. Сондай-ақ би өнері үш театрда да маңызды көрініс тапты.

Дәл осы тұста айта кетерлік жағдай, аралдық мемлекеттің географиялық оқшаулануы, территориясының тек 20%-ға жуығы ауыл шаруашылығының түрлеріне жарамды, тарихи даму ерекшеліктерімен бірге халықтың жоғары тығыздығы мен этникалық біртектілігіне әкелді. Шетелдіктердің толықтай дерлік болмауы және этникалық бірлік адамдардың «біздікі» және «шетелдіктер» ұғымдарын нақты білуіне жағдай жасап, «учи/сото» («ішінде/сыртында») жапон менталитетін анықтайды. Бұл менталитеттің аясында мәдени дамудың тағы бір саласы дін болды. Эдо дәуірінде буддалық сенім мен синтоизм дінінің маңызы артты. Өнерді насихаттау жапон халқына өз мәдениетінің рухани және эстетикалық қасиеттерін бағалауға көмектесті. Мысалы, Кабуки театры аңызға айналған әңгімелер мен жапон халық ертегілерін бейнелеу үшін күрделі костюмдерінде, бетті әрлеу және әдемі

безендірілуде де діни көріністерді пайдаланды. Бұл жұртшылықтың өз дінімен көбірек танысуын қамтамасыз етті және олардың мәдени болмысын қалыптастыруына әсер етті.

Жапонияның оқшаулануындағы тағы бір маңызды оқиға орта таптың баяу өсуі болды. Дәстүрлі билеушілер болған самурайлар табының күші әлсіри бастады. Жапонияның қалалық тұрғындарының саны өсті. Саудагерлер мәдениетті және талғампаз болып, жапон өнерінің, эстетикасының және мәдениетінің дамуына үлес қосты. Жапонияның сегунаты технологиялық жетістіктер мен инновацияларға кедергі келтірді, нәтижесінде жаңа қарулар мен құралдар жасалды. Ауыл шаруашылығы мен көліктегі инновациялар Жапонияның көптеген азаматтарының өмірін жақсартты.

Дегенмен, Жапонияның оқшаулануы мәдени жетістіктердің көбеюіне ықпал етсе де, елдің экономикалық дамуына біраз кері әсер етті. Басқа елдермен байланыссыз және саудасыз Жапонияның экономикасы мен қоғамы әлемнің басқа елдерімен бірге жүруге тырысты. Нәтижесінде Жапония мемлекетті сыртқы ықпалға және саудаға ашу қажеттілігін мойындады, бұл Мэйдзи дәуіріндегі қалпына келтіруге бағытталған реформалар мен Жапонияның модернизацияға көшу алғышарттарына әкелді.

Қорытындылай келе, жапон тарихындағы Сакоку кезеңі укио-э мен Кабуки театрының өркендеуінен бастап әдебиет пен хайку поэзиясының жетілуіне дейінгі ел ішіндегі елеулі мәдени оқиғалардың өрбуімен сипатталады. Бұл кезеңде Жапония тарихы үшін бұл дәуір рухани, мәдени және қоғамдық құндылықтардың қалыптасуына маңызды болды және осыған фактор ретінде Жапонияның географиялық және өз кезеңіне сай саяси жағдайы ұлттық болмыстың одан сайын ерекшеленуіне өз үлесін қосты.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Нэнси Сталкер. Япония. История и культура: от самураев до манги. М., 2020 (ағылшын тілінен аударылған). 577-617 бб.
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/sakoku-vo-vneshney-politike-yaponii-politika-samoizolyatsii> (Есепке алынған күн: 01.03.2023).
3. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoki-svoeobraziya-yaponskoy-kultury> (Есепке алынған күн: 10.03.2023).

УДК 297.1

#### **КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ «ЖАҢА ИСЛАМ ТОЛҚЫНЫ» (XXI ғ. басы)**

**Мухамедғалиева Айдана Кенжеболатовна**

aidana\_mk1203@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Б.Ж. Абжаппарова

Әлемдік деңгейде Ислам діні таралуы бойынша орта ғасырлардан, яғни VII ғасырдан бастау алады. Оның бастаушысы Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) екендігі бәрімізге аян. Қазіргі таңда Ислам діні әлемдік діндер қатарында христиандық және буддизм діндерімен қатар кең таралған. Әлемде шамамен 1 млрд-тан астам адам Ислам дінін ұстанады. Ислам діні